

Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 7 сәуірдегі № 275-VIII ҚРЗ

2025 жылғы 18 маусымда Астанада жасалған Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісім

Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) және екінші тараптан (бұдан әрі бірлесіп "Дүниежүзілік Банк тобы" деп аталатын) Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі – ХҚДБ), Халықаралық Қаржы Корпорациясы (бұдан әрі - ХҚК), Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі (бұдан әрі - ИККА) (бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын Үкімет пен Дүниежүзілік Банк тобы) бірлесіп,

"Қазақстан-2050" стратегиясын" қолдау шеңберінде Дүниежүзілік Банк тобының 2020 - 2025 жылдар кезеңіне арналған Қазақстандағы Әріптестіктің негіздемелік стратегиясында (ӘНС) және болашақ кезеңдерге дайындалуы мүмкін Дүниежүзілік Банк тобымен Әріптестіктің негіздемелік стратегияларында және Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ынтымақтастықты нығайту мақсатында

тең мүмкіндіктерді ескере отырып және жеке сектор жетекші рөл атқаратын қарқынды әрі орнықты өркендеуді қамтамасыз ету үшін қажет институционалдық

өзгерістерге және оларды экономикалық әртараптандыруды жеделдету мен қызметтерді тиімді көрсету құралы ретінде ендіруге, сондай-ақ мемлекеттік саясаттағы өзгерістерге ерекше мән бере отырып,

ақылы және өтеулі консультациялық қызметтер көрсету арқылы жеке сектордың қызметін ынталандыруды, инфрақұрылымның негізгі объектілерін салуға қолдау көрсетуді, институционалдық әлеуетті және саясатты талдауды күшейтуді қоса алғанда, табысты инвестициялық жобаларды және институционалдық әлеуетті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асырудан көрінетін Үкімет пен Дүниежүзілік Банк тобы арасындағы ұзақмерзімді жемісті ынтымақтастықты Тараптар жоғары бағалай отырып,

Үкіметтің Қазақстан Республикасы халқының игілігі үшін даму нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында Дүниежүзілік Банк тобымен оң ынтымақтастықты нығайту ниетін назарға ала отырып,

Үкімет пен Дүниежүзілік Банк тобының арасындағы мемлекеттің қарқынды дамуына үлес қосқан тығыз әріптестікті, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасы экономикасы өтпелі елден екі онжылдықтан соң кірісі орташадан жоғары деңгейдегі елге айналғанын ескере отырып,

Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және макроэкономикалық басқару саласындағы оң нәтижелерін және оның Қазақстан Республикасын білімге негізделген экономикасы әртараптандырылған, жеке сектор белсенді рөл атқаратын заманауи қоғамға трансформациялауды жеделдетуге ұмтылысын атап өте отырып,

білім алмасуға, сондай-ақ Дүниежүзілік Банк тобына кіретін түрлі ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы Дүниежүзілік Банк тобының үлесін барынша арттыруға баса назар аудару арқылы неғұрлым тығыз әріптестіктің қажет екенін негіздей отырып, сондай-ақ Дүниежүзілік Банк тобының мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып,

Тараптар әріптестіктің негіз қалаушы қағидаттары мен Қазақстан Республикасындағы стратегиялық реформаларды іске асыруды қолдау үшін Тараптардың бірлескен іс-шараларының бағыттары айқындалған ӘНС негізінде жасалған осы Әріптестік туралы негіздемелік келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты.

1-бап. Басшылыққа алынатын қағидаттар

Тараптардың ынтымақтастығы мынадай қағидаттарға негізделеді:

1.1. Ашықтық. Тараптар тиісті басқару практикасы мен барлық мүдделі тараптармен тұрақты диалог негізінде ақпаратты ашу және ашықтық қағидаттарын ұстанады.

1.2. Тұтастық және сәйкестік. Тараптар барлық іскерлік операцияларда адалдықты, жақсы басқаруды және жоғары этикалық стандарттарды ілгерілетуге ұмтылады.

Тараптар лайықты басқаруды ілгерілетеді және халықаралық озық практикаға сәйкес Дүниежүзілік Банк тобының барлық қызметінде адалдықтың ең жоғары стандарттарының қолданылуын қамтамасыз етеді.

1.3. Экологиялық және әлеуметтік орнықтылық. Тараптар қаржыландыруға жататын жобалардың және іске асырылатын барлық іс-шаралардың әлеуметтік және экологиялық жағынан орнықты болуын, жұмыскерлер мен қоғамдастықтардың құқықтарына сәйкес жүзеге асырылуын, сондай-ақ қолданылатын нормативтік талаптар мен халықаралық озық практикаға сәйкес әзірленуін және жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

1.4. Гендерлік теңдік. Тараптар гендерлік теңдікті қызметтің барлық салаларында орнықты және экологиялық жағынан қауіпсіз дамуға жәрдемдесу шеңберіндегі бірлескен ұстанымның ажырамас бөлігі ретінде айқындайды. Гендерлік теңдік ұтымды басқаруға жәрдемдесудің және орнықты өркендеуді қамтамасыз етудің негізгі элементі болып табылады.

2-бап. Ынтымақтастық саласы мен бағыттары

2.1. Осы Келісім ӘНС қағидаттарына негізделеді және Қазақстан Республикасында адамдардың өмір сүру деңгейін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының елдерімен салыстыруға болатындай арттыруға алып келетін экономиканың сапалы және орнықты өсуіне қол жеткізуге жәрдемдесу үшін "Қазақстан-2050" - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясында" көзделген жүйелік ірі реформаларды іске асыруға қолдау көрсетуге бағытталған.

Дүниежүзілік Банк тобының қолдауы мыналарды:

(a) инклюзивті өсуге жәрдемдесуді;

(b) адами капиталды нығайтуды;

(c) орнықты және төмен көміртекті өсуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Дүниежүзілік Банк тобының білім, әлеует және алдыңғы өзара іс-қимыл бөлігінде салыстырмалы артықшылықтары бар бағыттар бойынша ұсынылатын болады.

Бұл бағыттардың негізінде мемлекеттік сектордың анағұрлым тиімді жұмысы және институционалдық даму көзделетін өтпелі тақырып жатыр.

2.2. Осы Келісімнің шеңберінде Тараптардың келісуі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін ынтымақтастықтың мынадай бағыттары көзделген:

(a) дәлелдік фактілерге негізделген мемлекеттік сектордың реформасы және мүдделі Тараптарды тартуды күшейту;

(b) макроэкономикалық және фискалдық орнықтылық;

(c) қаржы секторы;

(d) шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қоса алғанда, жеке секторды дамыту үшін ортаны нығайту;

- (e) ауыл шаруашылығының нарыққа бағдарланған трансформациясын ынталандыру ;
- (f) өңірлік интеграция және өңірлік даму мақсатында байланыс (коммуникациялар) инфрақұрылымын және көрсетілетін қызметтер саласын күшейту;
- (g) инновациялық және цифрлық даму;
- (h) инвестициялық саясат реформасы;
- (i) білім берудің және дағдыларды дамытудың өзектілігін, сапасын және теңдігін арттыру;
- (j) денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғаудың сапалы көрсетілетін қызметтеріне қолжетімділікті кеңейту;
- (k) энергия тиімділігін және климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру;
- (l) табиғи капиталды сақтау және қалпына келтіру;
- (m) стратегиялық және мемлекеттік басқаруды жетілдіру;
- (n) экономиканың нақты секторларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға жәрдемдесу мақсатында сәйкестікті бағалау саласындағы сапа инфрақұрылымы жүйесін күшейту.

2.3. Үкімет Дүниежүзілік Банк тобымен ынтымақтаса отырып және оның қолдауымен жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша нақты жалпыұлттық даму бағдарламаларын әзірлеуі, пысықтауы және іске асыруы мүмкін. Үкімет тиісті бағдарламаларға қатысты Дүниежүзілік Банк тобымен әлеуетті ынтымақтастық тетіктерінің егжей-тегжейін нақтылайды.

3-бап. Әріптестіктің жүргізілуі мен іске асырылуы

3.1. Жалпыұлттық даму бағдарламаларын іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Үкімет бөлетін қаражаттан қаржыландырылатын болады.

3.2. Дүниежүзілік Банк тобы Әріптестіктің негіздемелік стратегияларының қолданылуы саласының шегінде және онда көзделген құралдарды пайдалана отырып, Дүниежүзілік Банк тобының саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес мыналарды:

- (a) Дүниежүзілік Банк тобының мекемелері әкімшілік ететін әртүрлі траст қорларының гранттарын;
- (b) Үкіметке, сондай-ақ басқа да құқылы мекемелерге саясат шаралары мен тиісті іс-шаралар жоспарларының нұсқаларын әзірлеуге, негізгі реформалар мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысына бағалау жүргізуге, әлеуетті күшейтуге және іске асыруды қолдауға көмек көрсету үшін, сондай-ақ сын-тегеуріндерге жауап ретінде тиімді шараларды ұсыну үшін ақылы және өтеулі консультациялық көрсетілетін қызметтерді және басқа да техникалық қолдау көрсетуді;
- (c) қарыз қаражатын (инвестициялық жобаларды қаржыландыруды, нәтижеге бағдарланған Бағдарламаны, даму саясатын қолдауға кредиттерді, шетел және ұлттық валюталарда қаржыландыруды қоса алғанда) және Үкіметтің сұрау салуы бойынша

кепілдіктерді қоса алғанда және Дүниежүзілік Банк тобының тиісті ұйымының Басшылығы мен Директорлар кеңесінің мақұлдауы шартымен қаржылық қолдаудың өзге де құралдарын;

(d) Үкіметтің инфрақұрылым және әлеуметтік инфрақұрылым секторындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жөніндегі бағдарламасы мен саясатын іске асыруға қолдау көрсетуді, сондай-ақ ХҚК жағдайында транзакцияларды құрылымдауда арнаулы қолдау көрсетуді;

(e) борыштық құралдарды, кепілдіктерді немесе капиталға қатысуды қоса алғанда, ХҚК-ның жеке сектор компанияларына және қаржы институттарына әртүрлі нысандағы инвестицияларын;

(f) саяси тәуекелдерді сақтандыруды және ИККА тарапынан құқылы инвесторлардың кредит қабілеттілігін арттыруға кепілдіктер беруді ұсына алады.

3.3. (a) Тараптар Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы келісімінің және Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігін құру туралы конвенцияның баптарына сәйкес дербес қарыздарды, мемлекеттік кепілдікпен берілетін қарыздарды, кепілдіктерді, гранттарды, консультациялық көрсетілетін қызметтерді және техникалық көмекті қоса алғанда, Дүниежүзілік Банк тобы қаржыландыратын немесе қолдайтын барлық жоба Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасының резиденттері мен Дүниежүзілік Банк тобының арасында қажет болған жағдайда тиісінше жасалған заңдық келісімдердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында іске асырылуға тиіс екенін мойындайды.

(b) Мұндай заңдық келісімдер Дүниежүзілік Банк тобының саясатын, басшылыққа алынатын қағидаттары мен талаптарын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, ақпаратқа қол жеткізуге, гендерлік дамуға, экологиялық және әлеуметтік стандарттарға, қаржылық басқаруға, тауарларды, жұмыстарды, консультациялық және консультациялық емес көрсетілетін қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ Дүниежүзілік Банк тобы сол кезде немесе өзге де кезде қабылдауы мүмкін өзге де саясаттарға, рәсімдер мен талаптарға қатысты нормаларды қамтуға тиіс.

3.4. (a) Дүниежүзілік Банк тобының кез келген субъектісі оның саясатына сәйкес жүзеге асыратын ақылы және өтеулі консультациялық көрсетілетін қызметтер жағдайында бұл көрсетілетін қызметтер коммерциялық немесе әкімшілік болып табылмайды, ол тек Дүниежүзілік Банк тобының даму саласындағы мандатын орындау шеңберінде ғана ұсынылады.

(b) Ақылы және өтеулі консультациялық көрсетілетін қызметтер Дүниежүзілік Банк тобынан конкурстан тыс негізде сатып алынады және шығындарды толық өтеу негізінде көрсетіледі, оны Дүниежүзілік Банк тобының субъектісі нақты консультациялық бағдарламаны немесе жобаны іске асыру үшін қажетті барлық тікелей және жанама шығындарды ескере отырып, баға белгілеудің бірыңғай әдіснамасы мен қағидаларын қолдану арқылы айқындайды.

(с) Үкімет және мемлекеттік мекемелер мен ведомстволар, жергілікті атқарушы органдар және олардың мекемелері, мемлекеттік кәсіпорындар сияқты басқа да құқылы мекемелер Дүниежүзілік Банк тобымен конкурстан тыс негізде және шығындарды толық өтеу шартымен тікелей шарт жасасуды пайдаланады.

(d) Бұл қолдаудың едәуір бөлігі Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы сияқты бірлесіп келісілген көпжылдық бағдарламалық тәсілді пайдалану арқылы берілуі мүмкін. Бұл тәсіл мемлекеттік органдардың және ӘСН-ның басымдықтарын көрсететін жылжымалы көпжылдық жұмыс бағдарламасына негізделетін болады.

3.5. Дүниежүзілік Банк тобы өзгелермен бірге:

(a) Инфрақұрылымдық қорды;

(b) Венчурлық қорды;

(с) Энергия тиімділігін және/немесе экологиялық таза энергияны қолдау қорын;

(d) Арнаулы мақсаттағы өзге де қорларды қоса алғанда, орындылықтың тиісті бағалауымен нығайтылған жағдайда арнаулы мақсаттағы қорларды құруда Үкіметке қолдау көрсетуді қарауы мүмкін.

4-бап. Институционалдық тетіктер

4.1. Тараптар Дүниежүзілік Банк тобы, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар арқылы қаржыландыратын немесе қолдайтын барлық жобалар және/немесе бағдарламалар мен іс-шаралар үшін іске асырудың әртүрлі нысандарын пайдалану мүмкіндігін қарайды.

4.2. Тараптар осы Келісім шеңберінде көзделген жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын бағалау бойынша керек жерде бірлесе күш-жігер жұмсайды. Тараптар Дүниежүзілік банк тобының 2012 - 2017 қаржы жылдарына арналған аяқталған Әріптестік стратегиясының және алынған тәжірибені талдау нәтижелері туралы есебінде белгіленген, жоспарлы түрде іске асыруға кедергі келтіретін жүйелік факторларды шешу бойынша шараларды айқындайды. Тараптар инвестициялық жобалар мен нәтижеге бағдарланған бағдарламалардың күшіне енуінің кешігуіне алып келуі мүмкін жобалау циклінің ерте кезеңдерінде рәсімдік кедергілерді шешу жөнінде нақты шаралар қабылдайды.

5-бап. Жалпы және басқа да ережелер

5.1. Тараптар осы Келісім Тараптар арасындағы ынтымақтастықты күшейту мен кеңейтудің жалпы тетіктерін айқындау мақсатында жасалғаны және Тараптардың кез келгенінің қандай да бір нақты қызметке немесе жобаға кіруге немесе оларға қолдау көрсетуге келісімін немесе міндеттемесін білдірмейтіні туралы келісті. Қандай да бір

нақты бағдарламаны немесе іс-шараны іске асыруға кез келген қолдау көрсету Тараптардың тиісті қолданылатын заңдарымен, саясатымен және жарғыларымен талап етілетін жекелеген халықаралық шартпен реттелетін болады.

5.2. Осы Келісімде ешнәрсе де келісім баптарына немесе Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігін құру туралы конвенцияға, кез келген халықаралық конвенцияларға немесе тиісті құқыққа сәйкес Дүниежүзілік Банк тобының ұйымдарына ұсынылатын қандай да бір иммунитеттерден, артықшылықтардан немесе ерекшеліктерден бас тарту немесе оларды өзгерту ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

5.3. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы жазбаша хабарламаны ХҚДБ Үкіметтен алған күннен бастап күшіне енеді. ХҚДБ осы Келісімнің күшіне енгені туралы ХҚК мен ИККА-ны хабардар етеді.

5.4. Осы Келісім Тараптың осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын Үкімет немесе Дүниежүзілік Банк тобы алған күннен бастап тоқсан (90) күн өткен соң бұзылуы мүмкін.

5.5. Осы Келісім Тараптардың өзара келісуі бойынша жазбаша нысанда өзгертілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер осы баптың 5.3-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

5.6. Тараптар осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындауы мүмкін дауларды бейбіт түрде реттеудің жолдарын іздеуге міндеттенеді.

5.7. Осы Келісімнің 3-бабының 3.3-тармағында айтылған даму бағдарламаларын іске асыру кезінде Тараптар даму мәселелері бойынша басқа да әріптестермен және мүдделі тараптармен өзара кең іс-қимылды және ынтымақтастықты қолдайтын болады.

5.8. 2025 жылғы 18 маусымда Астана қаласында қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде төрт төлнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасы
Үкіметінің атынан*

*Халықаралық Қайта Құру
және Даму Банкінің атынан*

*Халықаралық Қаржы
Корпорациясының атынан*

*Инвестициялар Кепілдігінің
Көпжақты Агенттігінің атынан*